

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ қызметінің жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы талдамалық анықтама

Алматы қ.

2025 жыл, «27» қаңтар

Кіріспе бөлігі

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағын басшылыққа ала отырып, Жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізудің ұлгілік қағидаларына¹ және Жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдауды «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ комплаенс-бақылаушысы жүргізуі бойынша әдістемелік ұсынымдарға², сондай-ақ Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарына сәйкес Қордың комплаенс-бақылаушысының уәкілетті өкіл ретінде Қор қызметінің жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді (бұдан әрі – ЖТІТ).

ЖТІТ мүдделер қақтығысының бар екендігіне ішкі талдау жүргізуді, сондай-ақ Қордың ішкі нормативтік құжаттарында жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауды қосқанда, жемқорлық құқық бұзушылықтың жасалуына ықпал ететін ықтимал себептер мен шарттарды анықтау, зерделеу және жою мақсатында жүргізіледі. Соның нәтижесі бойынша талдамалы анықтама жасалады.

Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 19-тармақшасына сәйкес³ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері Қорда жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізуге негізде болуы мүмкін.

Қордың Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 22 тамыздағы № 22 шешімімен 2024 жылдың 1 жартыжылдығы үшін «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг қорытындысы бойынша есептеме бекітілді. Соған сәйкес Қордың Директорлар кеңесі Қордың комплаенс-бақылаушысының 2024 жылы мына бизнес-ұдерістерге ЖТІТ өткізу туралы ұсынымына қолдау көрсетті:

¹ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің ұлгілік қағидалары

² Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген, жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар

³ Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 08 сәуірдегі № 12 шешімімен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты

- 1) Әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету;
- 2) Қаржы жылына сатып алу жоспарын қалыптастыру.

Осыған байланысты 2024 жыл үшін Қордың Әкімшілік-шаруашылық секторына қатысты Қордың мына бизнес-үдерістері бойынша ЖТІТ өткізілді:

- 1) Әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету;
- 2) Қаржы жылына сатып алу жоспарын қалыптастыру.

ЖТІТ қамтитын кезең: 2024 жылдың 01 қаңтарынан 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

ЖТІТ өткізу мерзімі: 2025 жылдың 14 қаңтарынан 27 қаңтарына дейін.

ЖТІТ өткізуге ариалған ақпарат көздері:

ЖТІТ өткізу аясында комплаенс-бақылаушы **мына дереккөздерді** зерделеп, талдады:

- 1) Қордың ішкі аудиторының 2024 жыл бойынша «Қордың әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету аудиты» және «негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және тауарлық-материалдық қорларды есепке алу аудиты» аудиторлық есебі (тексеру кезеңі: 2024.05.02-ден 2024.15.03-ке дейін);
- 2) 2024 жылдың 1 және 2 жартыжылдығы үшін сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
- 3) ЖТІТ 2023 жылғы нәтижелері;
- 4) талдау жасалатын объектілердің қызметтің реттейтін құқықтық актілер, ішкі құжаттар (осы талдамалық анықтаманың мәтіні бойынша көрсетілді);
- 5) талдау жасалатын объектіге қатысты жеке және занды тұлғалардың жолданымы.

Жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 11-тармағына сәйкес **ЖТІТ мына келесі бағыттар бойынша** жүзеге асырылады:

- I. Талдау жүргізілетін объект қызметтің қамтитын нормативтік құқықтық актілерден жемқорлық тәуекелдерді анықтады;
- II. талдау жүргізілетін объектілердің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтінен жемқорлық тәуекелдерді анықтау.

Әлеуетті жемқорлық тәуекелдерді анықтау және ұсынымдар әзірлеу үшін **келесі талдау әдісі қолданылды:**

- 1) ақпаратты жинау және зерделеу;
- 2) талдау жасалатын объект қызметкерлерінің және басқа да сарапшылардың тәжірибесі мен білімін пайдалану;
- 3) ұқсас немесе іргелес салалардағы, ұйымдардағы, бизнес-үдерістердегі, жобалардағы жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша тәжірибелерді жинау және жалпыландыру, сценарийлерді талдау;
- 2) ахуалдарды модельдеу.

I бағыт:

Кордың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі жемқорлық тәуекелдерді анықтау

Кордың қызметін және оның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды талдау барысында жемқорлықтың туындауына жағдай жасайтын нормалардың бар-жоқтығын анықтау үшін Кордың келесі ішкі нормативтік құжаттары қаралды:

1) «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібі»⁴ (бұдан әрі – ТЖҚ сатып алу тәртібі)

Кордың қаржы жылына ТЖҚ сатып алуы ТЖҚ сатып алу тәртібімен регламенттелген.

Әкімшілік-шаруашылық сектор (бұдан әрі – ЭШС) сатып алушы ұйымдастыруши ретінде Кордың дамыту жоспары негізінде белгіленген нысан бойынша қаржы жылына сатып аулар жоспарын қалыптастырады.

Сатып ауларды ұйымдастыруши Кордың жарғылық қызметті орындаудың қамтамасыз етуге қажетті тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілік негізінде қаржы жылына сатып алу жоспарын қалыптастырады.

Дамыту жоспарын қалыптастыру барысында Кордың дамыту жоспарын әзірлеу, келісімдеу, бекіту және түзету нұсқаулығына сәйкес⁵, Кордың бөлімшелері Қордың қаржы бөліміне ұсынылатын ТЖҚ-ны сатып алу негізділігін сипаттайтын қызметтік жазбаларды жолдайды.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібінің (бұдан әрі – ТЖҚ сатып алу тәртібі) 18-тarmaғында ТЖҚ сатып алу әдісін тапсырыс берушінің өзі, яғни Қордың құрылымдық бөлімшесі өз бетімен, қызметін қамтамасыз етуге қажетті тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің жылдық көлеміне, сондай-ақ әртүрлі жабдықтаушыдан кемінде 3 (үш) бағалық ұсынысты қоса тіркей отырып, тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарланған нарықты талдау нәтижелеріне ескере отырып таңдайтыны көрсетілген.

Осы ретте жүргізілген талдау көрсеткеніндей, Қордың құрылымдық бөлімшесі Қордың сатып алу жоспарын қалыптастыру барысында **сатып алу әдісін таңдау анықтамасын** құжат жүзінде жүзеге асырмайды, тек сатып алу жоспарын жасау үдерісі барысында ЭШС-тің белгілеген сатып алу әдісін растайды немесе өзгертеді.

⁴ «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Төрағасының 2024 жылғы 29 шілдедегі №80/1 бұйрығымен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-та Тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібі

⁵ Қор Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 108 бұйрығымен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының дамыту жоспарын әзірлеу, келісімдеу, бекіту және түзету, оның іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ оның орындалуы жөніндегі есепті әзірлеу жөніндегі нұсқаулық

Ұсыным: сатып алу әдісін тандауда Қор бөлімшелерінің жауапкершілігі күштейтілсін және ТЖҚ сатып алу тәртібі құрылымдық бөлімшелер өздерінің сатып алу жоспарын тандағанын негіздей отырып, ТЖҚ сатып алу жоспарына өздерінің жоспарланған сатып алуларын енгізу туралы ақпарат енгізілген қызметтік жазбаларды ӘШС-қа міндettі түрде жолдау керектігі туралы нормамен толықтырылсын.

3) «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ қорларының, негізгі құралдарының және материалдық емес активтерінің есебін жүргізу және солармен жұмыс жасауды ұйымдастыру нұсқаулығы⁶

II бағыт: Қордың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде жемқорлық тәуекелдерді анықтау

1) Қызметкерлер құрамын басқару

Қордың әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз етілуін және қаржы жылына сатып алу жоспарын қалыптастыруды Қордың әкімшілік-шаруашылық секторы туралы ережеге сәйкес ӘШС жүзеге асырады.

2024ж. тамыз – қыркүйегінде Әкімшілік-шаруашылық сектордың жетекшісі ауысты: К.К. Абдулдаева (еңбек шартын 2024.23.08-ден бастап бұзыту туралы бұйрық), С. Қазыбекұлы (2024ж.09.09-дан бастап жұмысқа қабылдау туралы бұйрық).

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Ишкі еңбек тәртіптемесі қағидаларының 34-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес Қордың жұмыстан шыгарылатын қызметкерлері толтыратын, жұмыстан шығу себебін сұрау парагын қарау қорытындысы бойынша жұмыстағы моральдық-психологиялық климатқа немесе Қордың Жемқорлыққа қарсы саясатының және Жемқорлыққа қарсы стандарттарының бұзылуына байланысты жұмыстан шығу себебі анықталмады.

ӘШС ағымдағы жетекшісі С. Қазыбекұлы Қор Төрағасының 2022 жылғы 29 қарашадғы № 85 бұйрығымен бекітілген (бұл бұйрыққа соңғы өзгерістердің енгізілген күні 2024ж.04.05. № 47), «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Лауазымдарға қатысты біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

2024 жылы ӘШС қызметкерлеріне тәртіптік жаза шаралары қолданылмаған.

2024 жылы ӘШС қызметіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың жағымсыз ақпараттан тұратын жолданымдары анықталмады.

ӘШС-қа бұған дейін жемқорлық құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың жұмысқа қабыдану деректері тіркелген жоқ.

⁶ «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Төрағасының 2024 жылғы 30 шілдедегі №80/2 бұйрығымен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ қорларының, негізгі құралдарының және материалдық емес активтерінің есебін жүргізу және солармен жұмыс жасауды ұйымдастыру нұсқаулығы

ӘШС-та тікелей бағыныштылықта жақын туыстардың, ерлізайыптылардың, құда-жекжаттардың бірлесе жұмыс істеу деректері анықталған жоқ.

Қордың материалдық құндылықтармен тікелей жұмыс істейтін қызметкерлерімен толық дербес материалдық жауапкершілік туралы шарттар жасалған.

2) Мұдделер қайшылығын реттеу

Корда Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша заңнамасының талаптарына сәйкес Корда бар және әлеуетті мұдделер қайшылығын басқару бойынша шараларды жүзеге асыру мақсатында Қордың Директорлар кеңесі 2023 жылғы 19 маусымдағы № 18 шешімімен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Мұдделер қайшылығын басқару саясаты» (бұдан әрі - Саясат) жұмыс істейді.

Осы Саясатқа сәйкес мұдделер қайшылығын басқару бойынша негізгі тәсілдерді Қордың Директорлар кеңесі белгілейді.

Қордың комплаенс-бақылаушысы Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің әрекеттерінен мұдделер қайшылығын анықтау және мұдделер қайшылығына байланысты тәуекелдерді реттеу бойынша қызметтерді ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады. ЖТІТ қамтитын кезеңде ӘШС қызметкерлерінің бар немесе әлеуетті мұдделер қайшылығының анықталу және ашылу оқиғалары тіркелмеген.

3) Мемлекеттік қызметтерді көрсету

Кор мемлекеттік қызметтерді көрсетпейді.

4) Рұқсат беретін қызметтерді жүзеге асыру

Кор рұқсат беретін қызметтерді жүзеге асырмайды.

5) Бақылау-тексеру қызметтерін жүзеге асыру

Кор бақылау-тексеру қызметтерін жүзеге асырмайды.

6) Бюджеттік және қаржылық қаражаттарды игеру және үлестіру:

Каржы жылына сатып алу жоспарын қалыптастыру

Қордың комплаенс-бақылаушысы ЖТІТ жүргізу барысында сатып алу жоспарын қалыптастыру бизнес-үдерісін зерделеп, оған талдау жүргізді. Сатып аулар жоспары алдағы қаржы жылына Қордың жарғылық қызметін орындауды қамтамас етуге қажетті ТЖҚ-ға деген қажеттілік негізінде қалыптастырылады.

Қорда тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алушы үйымдастыруды және жүргізууді №192 қағидаларға⁷ және ТЖҚ сатып алу тәртібіне сәйкес ӘШС жүзеге асырады.

Қордың сатып алушар жоспары Қордың Директорлар кеңесі бекіткен, дамыту жоспары (қаржы жоспары және күрделі шығындар жоспары) негізінде қалыптастырылады.

Атап өту керек, Қордың дамыту жоспарын бекіту туралы шешім қабылдау барысында Директорлар кеңесі ҚР Ұлттық Банкінің тиісті қаржы ыжылына арналған дамыту жоспарын қарау нәтижелері туралы тұжырымын ескереді.

Қордың 2025 жылға арналған сатып алушар жоспары Қор Төрағасының 2024 жылғы 03 желтоқсандағы № 118 бүйрекшімен бекітілген

2025 жылға арналған сатып алушар жоспары оны Қор Төрағасының бүйрекшімен бекітілген күннен бастап, 5 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің электрондық сатып алушар порталында орналастырылды⁸.

2025 жылға арналған сатып алушар жоспарымен 94 сатып алу, оның ішінде тендер әдісімен – 5 (5%), бағалық ұсыныстарға сұрау салу әдісімен – 81 (86%), тікелей шарт жасасу әдісімен – 8 (9%) сатып алу бекітілді.

Атап өту керек, 2023 жыл бойынша өткізілген ЖТІТ қорытындысы бойынша⁹ Қордың тікелей шарт жасасу әдісімен жасаған сатып алушарының үлесі 80%-ды құрады (2025 жылы тікелей шарт жасасу әдісімен сатып алушардың **жоспарланған** үлесін 71%-ға төмендету).

Әлеуетті тәуекелдерді жою мақсатында (тәуекелдің көрсеткіштері: тауардың бір данасы үшін бағаның негізсіздігі, жоспарланған бағаның тауардың нарықтық бағасына сәйкес келмеуі) компалаенс-бақылаушы Қордың бөлімшелерінің дамыту жоспарының жобасын жасау барысында Қордың қаржы бөліміне жолданатын, әртүрлі жабдықтаушыдан кемінде 3 (үш) бағалық ұсынысы және ұсынылған ТЖҚ сатып алушың негізділігі сипатталған қызметтік жазбаларына ішінара талдау жүргізді.

⁷ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін үйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы занды тұлғалардың және қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі үәкілдегі органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидалары

⁸https://zakup.nationalbank.kz/ru/report/report1?filter%5Bsubmit%5D=&filter%5Byear%5D=2025&filter%5Bquarter%5D=EMPTY&filter%5Bcustomer%5D=991240000414&filter%5Btype_pp%5D=EMPTY&filter%5Bstatus_pp%5D=EMPTY&page=2&per-page=50

⁹https://www.kdif.kz/upload/compliance_controller/%D0%90%D0%BD%D0%BA%D0%BD%D1%8F%D0%92%D0%80%D0%BD%D0%BA%D0%BD%D0%80%D0%90%D0%9A%D0%A0%202023%20%D0%B3%D0%BE%D0%B4.pdf

Жүргізілген талдау барысында Қордың шығыстарын жоспарлау – оларды Қордың дамыту жоспарына енгізу мақсатында ішкі (Қордың қаржы бөлімшесі) және сыртқы бақылауды (КР Ұлттық Банкі) қолдана отырып жүзеге асырылатындығы анықталды.

Қордың 2025 жылға арналған сатып алулар жоспарына енгізу барысында тауардың бір данасы үшін бағаның негіздігі және жоспарланған бағаның тауардың нарықтық бағасына сәйкес келмеуі анықталған жоқ.

Әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету

Қордың әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз етілуі ӘШС туралы ережеге сәйкес тауар-материал қорларымен (бұдан әрі - ТМК) және Қорқызыметкерлерінің негізгі құралдарымен (бұдан әрі - НҚ) қамтамасыз етуді, сондай-ақ сақталуын, пайдаланылуын, ТМК мен НҚ-ны Қордың қоймасынан берілуін қамтамасыз етуді қамтиды.

Қордың дамыту жоспарын әзірлеу, келісімдеу, бекіту және түзету бойынша нұсқаулықтың 16-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қордың қызметін әкімшілік-шаруашылық түрфыда қамтамасыз ету деп Қордың кеңселік орынжайларды жалдау, коммуналдық қызметтер, көлікті жалдау, «Сатып алулар порталы» ақпараттық жүйесіне (АЖ) қолжетімділікті беру, тауар-материалдық қорлар бойынша қажеттілігі түсіндіріледі.

Әлеуетті тәуекелдерді жою мақсатында (тәуекел көрсеткіштері: сатып алынатын тауарлардың саны мен көлемінің нақты қажеттілікке сәйкес келмеуі, жұмыс топтарына қатысу барысында Қордың лауазымды тұлғаларымен қызметкерлерінде мүдделер қайшылығының туындауы) комплаенс-бақылаушы мына шараларды жүзеге асырды:

- 1) 2024 жылдың 01 қарашасындағы жағдай бойынша Қор мүліктерін түгендеу нәтижелеріне талдады¹⁰;
- 2) 2025 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Айналымдық-қалдықтық тізімдемеге сәйкес Қор қоймасындағы ТМК және НҚ қалдықтарын ішінара тексерді;
- 3) Мерзімі өткен дебиторлық берешектің мүлкі мен сомасына иелік етуге арналған, олардың теңгерімнен (пайдаланудан) шығарылуды бойынша, Қордың 2024 жылдың 10 қазандын кейінгі монетарлық емес қызметінің қорытындысы бойынша қалыптасқан мерзімі өткен дебиторлық берешекті есептен шығару және жүйеден тыс есепке алу бойынша өтінішхаттарды қарau жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияның отырыстарының материалдарын талдады;
- 4) Қор Төрағасының м.а. 2020 жылғы 29 қаңтардағы №3 бұйрығымен бекітілген, автокөлік құралдарының, телефон байланысының, кеңселік жиһаздардың және қызметтік орынжайлардың болу керектігі туралы нормативтеріне талдау жасады.

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша сатып алынатын тауарлардың саны мен көлемінің нақты қажеттілікке сәйкес келмеу тәуекелі,

¹⁰ Түгендеу шарасы Қор Төрағасының 2024 жылғы 31 қазандығы № 105 бұйрығына сәйкес жүргізілді

мұдделердің әлеуетті қайшылығы (Қор мұліктерін есептен шығару бойынша жұмыс тобына қатысу бөлігіне қатысты), Қордың мұліктерін, осы мұлікті Қор Төрағасының бүйрекшімен есептен шығару күніне қарай, бір данасы үшін 10 000 АЕК-тен астам көрсеткішке есептен шығару дерегі анықталған жок.

Ұсыным: Қор Төрағасының м.а. 2020 жылғы 29 қаңтардағы №3 бүйрекшімен бекітілген, автокөлік құралдарының, телефон байланысының, кеңселік жиһаздардың және қызметтік орынжайлардың болу керектігі туралы нормативтерін өзектендірілсін және Қордың шаттық санына сәйкес келтірілсін, сондай-ақ олар Қор Төрағасының бүйрекшімен бекітілсін.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Қорда сатып алулар бойынша шарттарды жасасу ТЖҚ сатып алу тәртібіне сәйкес реттеледі. Соған сәйкес ұйымдастыруышының және Қордағы сатып алуларға қатысушылардың жауапкершілігі белгіленген.

Қордың комплаенс-бақылаушысы тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер бойынша шарт жасасқанға дейін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді әлеуетті жабдықтаушылардың жаппай қырып-жою қаруларын қаржыландыруға, таратуға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінде және (немесе) лаңкестік мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінде; салық төлеу бойынша жеңілдіктер беретін (офшорлық аймақтар) мемлекеттер тізбесінде; Қазақстан Республикасының салықтық берешегі бар салық төлеушілері тізбесінде бар-жоғын және әлеуетті жабдықтаушылар қызметінің жарияланған сатып алулар бойынша Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкестігін, сондай-ақ Қор мен әлеуетті жабдықтаушылар арасында мұдделер қайшылығының бар-жоғы бойынша қарай тексеру жүргізеді.

Комплаенс-бақылаушы бұзушылықтарды (кемшіліктерді) және (немесе) тәуекелдерді анықтай тұра, сатып алулар рәсімінің одан әрі жалғасу деректері жоқ.

Әлеуетті тәуекелдерді болдырмау мақсатында (тәуекелдердің көрсеткіштері: контрагентке қатысты айыппұлдық ықпалшаралардың болмауы немесе азайтылуы және шарттық міндеттемелер бұзылған жағдайда ықпалшаралардың қолданылмауы) комплаенс-бақылаушы 2024 жылдың 01 қарашасындағы жағдай бойынша Қордың мұліктерін түгендеу нәтижелерін қарап шықты.

Қордың шарттарына жүргізілген талдау қорытындысы бойынша контрагентке қатысты айыппұлдық ықпалшаралардың болмауы немесе азайтылуы және шарттық міндеттемелер бұзылған жағдайда ықпалшаралардың қолданылмауы анықталған жоқ.

8) Ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де сұрақтар

Қорда Комплаенс-бақылаушы туралы ережеге сәйкес¹¹ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс атқарымы Қордың комплаенс-бақылаушысына жүктелген.

Қорда ЖТІТ қамтитын кезеңде мына келесі тақырыптар бойынша оқытулар жүргізілді: Қордың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі ережелері; Қордың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары; Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер және жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілік; 2024 жылды Қор қызметкерлерінің декларация тапсыруы; Қорда мұдделер қайшылығын басқару; Қоргалатын ақпараттармен қалай дұрыс және қауіпсіз жұмыс істеуге болады; Қазақстан Республикасының әкімшілік-рәсімдік процестік кодексі мен «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасы Заңының Қордың қызметіне қатысты талаптары.

2024 жылды оқыту қорытындысы бойынша Қордың комплаенс-бақылаушысы Қорда комплаенс-тәуекелдерді басқару мәселесі бойынша Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін міндепті тестілеуден өткізді. Ол сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қолданыстағы талаптары бойынша білімдерді тексеру талаптарын да қамтыды. 15 сұрақтан тұратын тестілеуге Қордың 75 қызметкери қатысты, тестілеудің орташа нәтижесі – 90%.

Қор қызметкерлерін жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту деректері жоқ.

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» КР Заңында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, мемлекеттік атқарымдарды орындауға уәкілетті болған тұлғалардың және солармен теңестірілген тұлғалардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді орындауда деректері болған жоқ.

Қаржылық бақылау шараларын орындау мақсатында Қор қызметкерлерінің 100 %-ы Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде активтері мен міндептемелерін, табыстары мен мүліктерін декларациялады.

9) 2023 жыл үшін ЖТІТ нәтижелері бойынша 2023 жылғы 26 қазанда бекітілген Шаралар жоспарының орындалуын талдау

2023 жыл бойынша жүргізілген ЖТІТ қорытындысы бойынша комплаенс-бақылаушы мұдделі бөлімшелермен бірлесе отырып, ЖТІТ нәтижелері бойынша анықталған, жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды жою бойынша шаралар жоспарын әзірледі және оны Қор Төрағасының 2023 жылды 26 қазанда бекіткен (бұдан әрі – Шаралар жоспары).

¹¹ Қор Төрағасының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 25 бүйрекімен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру коры» акционерлік қоғамының комплаенс-бақылаушысы туралы ереже

Шаралар жоспарына жүргізілген талдау көрсеткеніндей, 12 шараның 12-сі, яғни 100% орындалды.

Шаралар жоспарын орындаудың барысы туралы ақпарат осы Талдамалы анықтаманың 2-Қосымшасында келтірілген.

10) Қор қызметінің ашықтығын және жариялышының қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы заннамасының, Қордың ақпараттық саясатының¹², Ақпаратты беру және оны Қордың ресми интернет-ресурсында орналастыру тәртібінің¹³ талаптарына сәйкес Қордың қызметі туралы ақпарат Қордың ресми интернет-ресурсында мына: <https://kdif.kz> мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.

ЖТІТ өткізу сәтінде Қордың қызметі туралы оның ресми интернет-ресурсындағы ақпарат өзекті күйінде болды.

Қордың сатып алулар жоспары ҚРҰБ электрондық сатып алулар порталында орналастырылады. Оған Қордың ресми интернет-ресурсындағы сілтеме бойынша өтуге болады.

Қордың баспасөз хатшысы тиісті шаралар қабылдау үшін Қорға, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қатысты ықтимал жағымсыз жарияланымдарға тұрақты негізде мониторинг жүргізіп отырады.

1-Қосымша: Жемқорлық тәуекелдерге жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған, жемқорлық тәуекелдерге шалдыққыш лауазымдар тізбесі

2-Қосымша: 2023 жыл үшін ЖТІТ нәтижелері бойынша анықталған, жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауга ықпал ететін себептер мен шарттарды жою бойынша шаралар жоспарын орындау барысы туралы ақпарат

Төраға

Орындаушы:

Комплаенс-бақылаушы А.С. Аубакирова

А.Н. Утембаев

¹² Қордың Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 23 ақпандағы № 4 шешімімен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ ақпараттық саясаты

¹³ Қор Төрағасының 2023 жылғы 16 қыркүйектегі № 65 бүйрүгімен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Ақпаратты беру және оны Қордың ресми интернет-ресурсында орналастыру тәртібі

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ қызметінің жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы талдамалық анықтаманың
1-Қосымшасы

Жемқорлық тәуекелдерге жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған, жемқорлық тәуекелдерге шалдыққыш лауазымдар тізбесі

Жемқорлық тәуекелдерге жүргізілген ішкі талдау объектісінің атауы:
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ

Жемқорлық тәуекелге шалдыққыш лауазым	Жемқорлық тәуекелі бар лауазымдық өкілеттік	Жемқорлық тәуекелдер
Төраға Төрағаның орынбасарлары	Кор атынан Қазақстан Республикасының заннамасында қарастырылған, азаматтық-құқықтық мәмілелерді (шарттарды (келісім-шарттарды, келісімдерді) жасасу, хабарламаларға, төлем шоттарына және басқа да банктік, қаржышаруашылық құжаттарға қол қою	Кор мен Акционерінің экономикалық мүдделеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдау
Қаржы болімінің бастығы – Бас есепші	Дамыту жоспарларының әзірленуіне және олардың түзетілуіне бақылау жасау	Бюджетке негізсіз шығыстарды енгізу
Әкімшілік шаруашылық сектордың менгерушісі, бас маманы, жетекші маманы	Сатып алынуына ӘШС жауап беретін, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығыс бөлігі бойынша дамыту жоспарын әзірлейді, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарының жобасын әзірлейді, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізеді	Сатып алынуына ӘШС жауап беретін, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бір данасы үшін бағаның негіzsіздігі; сатып алулар жоспарының ҚРҰБ сатып алулар порталында уақтылы орналастырылмауы; сатып алынуына ӘШС жауап беретін, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізу шартының талаптарын тиісті орындаған жабдықтаушыларға катысты ден қою

		шараларының уақтылы және толық қабылдануы
Инвестициялау және активтерді есепке алу секторының менгерушісі, бас сарашысы, бас маманы	Қордың қаржылық қаражаттарының сақталуын және өтімділігін қамтамасыз ету үшін оларды сенімгер басқарушылар арқылы оңтайлы орналастыру бойынша шаралар қабылдайды	Басқарушылық шешімдерді қабылдауға әсер етуі мүмкін, Қордың Инвестициялық саясатымен белгіленген, Қордың активтерін инвестициялау талаптары мен тәртібін бұзы деректері туралы ақпаратты сенімгер басқарушылар Қордың лауазымдық тұлғаларына дер кезінде хабарламауы немесе жасыруы
Кадр және құжатпен қамтамасыз ету болімінің бастығы, қызметкерлермен жұмыс жасау бойынша бас маманы	Жұмысқа қабылдау, аудыстыру, жұмыстан шығару, оқыту рәсімдерін, қаржылық көмек көрсету туралы бұйрықтарды рәсімдеуді, толық материалдық жауапкершілік туралы шарттарды жасауды жүзеге асырады	Конкурстық талаптарды «ыңғайластыру» және конкурстық сұрақтарды белгілі бір ізденушілерге беру мүмкіндігі. «Жайлыш» немесе «жайсыз» жағдайлар жасау мүмкіндігі, қызмет бойынша тиісті игіліктерді (материалдық ынталандырулар, еңбек демалысы және басқалар) таңдал, талғап беру, тәртіптік жазаларды негізсіз қолдану
Цифрландыру болімінің бастығы	Компьютерлік жабдықтардың, кенсе техникаларының және Қордың бағдарламалық жасақтамаларының келіп түсүі есебінің жүргізілуіне (алу, үлестіру, түгендеу және есептен шығару), Қорқыншылықтар мен қызметкерлеріне ақпараттық жүйелерді пайдалануға қолжетімділік берілуіне бақылау жүргізу	Компьютерлік жабдықтарды, кенсе техникаларын және Қордың бағдарламалық жасақтамаларын негізсіз сатып алу немесе негізсіз есептен шығару
Ақпараттық қауіпсіздік бойынша бас маман	Қордың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Жеке мақсатқа пайдалану үшін Қордың қорғалған ақпаратына рұқсатсыз қолжетімділік беру
Ақпарат беру-түсіндіру қызметі бойынша баспасөз қызметкері, бас маман	БАҚ-қа және әлеуметтік желілерге мониторинг жргізеді, ықтимал беделдік тәуекелдерді бағалайды, Қордың басшылығының келісімін алып, ресми жоққа шығару ақпаратын және жауаптар дайындауды; ақпарат беру-түсіндіру қызметін жүзеге асыру	Қордың лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды ықтимал бұзы деректері туралы уақтылы хабарламау немесе ашық дерекөздердегі ақпаратты жасыру

	аясында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алушы үйимдастыруға және өткізуге қатысады	
--	---	--